

6. Культелеев Т. М. Уголовное обычное право казахов// Алма-Ата: изд-во АН КазССР. 1955. – 300 с.
7. Цит. по Кожоналиев С. К. Суд и уголовное обычное право киргизов до октябрьской революции// Фрунзе: изд-во АН КиргССР. 1963. – 65 с.
8. Валиханов Ч. Ч. Избранные произведения. Под ред., акад. А. Х. Маргулана; Акад. наук Казах. ССР - Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. - 643 с.
9. Зиманов С. Политический строй Казахстана первой половины XIX веков и Букеевское ханство// Алматы: «Арыс», 2009. – 496 с.
10. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под ред. С. Д. Асфендиарова и П.А.Кунте; Алма-Ата: Казахское краевое издательство, 1935. – 291 с.
11. Мустафина Р. М. Представления, обряды, культы у казахов// Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. – 176 с.
12. Цит. по Раздыкова Г. М. Народный ислам у казахов во второй половине XIX – начале XX веков// Омский научный вестник. – 2007. – №4 (58). – С. 26 – 27
13. Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері// Алматы: «Жеті Жарғы», 1998. – 128 бет.

ӨОЖ 394

ҚАЗАҚТЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТҮЙЕНІҢ РӨЛІ

Мүтәл Жарас Советұлы

jaras_1.9.9.7@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2-курс магистранты, Нұр Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Ибадуллаева З.Ө.

Байырғы заманнан бастау алған көшпелі тұрмыс салты қазақ халқының өзіне тән дүниетанымы мен мәдениетін қалыптастырды. Сондай-ақ, табиғаттың қатал мінезіне қарсы тұрып жыл он екі айда төрт рет қоныс аударып көшкен халықтың табиғатқа үйлесімді өзіндік тіршілік кешудің формуласы қалыптасты. Мысал ретінде, ауа райының ықпалына қарай қамданып ерте көктемде Бетпақдаладан жаз жайлауы Арқаға еріген қар суын жалдай отырып көшуді айтуға болады. Осындай көшіп-қонуға негізделген қазақ халқының тіршілік жүйесінде түйенің орны жоғары болды. Қазақ халқы көші-қонға таптырмас көлік қызметін атқарған түйені ежелден төрт түліктің төресі ретінде бағалаған.

Қазақтың шаруашылық жүйесінде негізінен түйенің бір өркешті (дромадер) және екі өркешті (бактриан) түрі кездеседі. Бір өркешті түйені – нар, екі өркешті түйені – айыр деп атайды. Нар айыр түйеге қарағанда бойы және күші жағынан мықты болғанымен суыққа төзімсіз келеді. Ал, түркі-моңғол түрі болып саналатын айыр түйе нардан әлсіздеу келгенімен суыққа төзімдірек. Қазақ даласының солтүстік аймақтарында айыр түйе ұстаса, табиғаты жайлы оңтүстік өңірлерде екі түрі де кездеседі [1, с. 157-158].

Зерттеуші Ғ. Себепов айыр түйені сыртқы түріне, түгіне, күшіне қарай үшке бөлінетіндігін айтады. Екі өркеші биік, арасы алшақ келген, жүні тығыз және шудасы ұзын, ұшы тегіс, көбінесе бойы аласалау түйені – **таза айыр** деп атайды. Бұл екі таза айырдан немесе айыр мен қоспақтан туады. **Қоспақ** – екі өркеші қосылыңқырай, арасы жақын біткен қос өркешті түйе. Бұл тұқым нар мен айырдан туады. Айыр түйенің үшінші түрі **мырза қоспақтың** екі өркешінің орны болар-болмас қана болып, арасы алшақ және жүні сирек қылшықты келеді [2, 146 б.]. Сондай-ақ, Ғ.Себепов бір өркешті түйенің де үш түрі бар екендігін келтіреді: **таза нар** – өркеші доғаланып біткен, жүні тықыр, тұрқы ұзын, сирақтары тақыр, жіңішке келеді; **біртуған** – төңкерілген жарты шеңбер сияқты өркеші сүйір келетін денесі ірі бір өркешті түйе. Бұл түйе тұқымы үлек пен таза айыр інгеннің қан қосылуынан пайда болады; **қылағай** – әуелден шатыс біртума нарға үлек шағылысқаннан немесе аруанаға жөңбай шөккеннен сыртқы түрі маяға ұқсас, жүні ылақ жүн, бойы аласалау нар

туады. Бұл тұқым туралы Ғ. Себепов былай келтіреді: «Бұл тұқымның сауып сүті жоқ, мәз жүні жоқ, жұмсап күші жоқ, азды-көпті қыс түсетін қазақ жеріндегі ең қадірсіз түйе осы қылағай» [2, 147 б.].

Қазақ шаруашылық жүйесінде нардың еркегін – үлек, ұрғашысын – аруана деп атайды. Айыр түйенің еркегін – бура, ұрғашысын – інген деп атайды. Ал, атан деп – ақталған (піштірілген) айыр түйенің еркегін атаған.

Түйе таулы жерлер мен нулы өзенді аймақтарға қарағанда, Арабия мен Моңғолия сияқты кең және шөлейтті жерлерде өзін жайлы сезінеді. Сырдария, Маңғыстау өңірінің климаты мен жері жоғарыда аталған елдермен сәйкес келгендіктен, түйе осы аймақтарда көп кездеседі [1, с. 158].

Түйенің суыққа төзімсіз келетіндігі туралы Э.Эверсман былай дейді: «түйелер суыққа өте сезімтал болып келеді. Кейде, тіпті солтүстік бөліктерде оларға күтім көрсетпесе суықтан өліп қалатын. Қыстың күндері жолды қардан тазартып, жерді кетпенмен қазып, оған түйелерді бірінен соң бірін жылы болуы үшін салып отыратын. Егер оларды қарға немесе қатты жерге ішімен жатқызып қойса, олар әдетте көз жұмып отырған. Сол себепті де қазақтар ауа райы жылы, қысы жайлы, қары аз жауатын оңтүстікте қыстап шыққан. Үскірік аяздан аман алып қалу үшін, олардың үстіне киіз жабатын» [3, с. 240]. Ортағасырларлық деректерде солтүстік өңірді жайлаған қимақтардың қыстың қаһарлы суығына шыдап бермейтіндіктен түйелерді оңтүстікке қарай айдап отырғандығы туралы айтылады [4, с. 91].

Түйе жылқы мен қой сияқты тебіндеп жайылмайтындықтан, қарсыз аймақтар мен бойы қар деңгейінен биік өсімдіктерді азық етеді. Сондықтан түйені арнайы қарсыз аймаққа айдаған немесе арнайы шөп жинаған [5, с. 141-142]. Көктемде түйелер арықтап, кейін көкке ілінгеннен кейін қайта қоң жинайтын. Егер түйе семіздеу келіп, өркештері тік болса, олар әлсіздеу болады; бұндай құбылыстарды көктемде және күз мезгілдерінде байқауға болады [3, с. 240-241]. Үлкен түйелердің салмағы 35-тен 50-ге дейінгі пұтты құрайды. Қазақтар егер түйе қартайса немесе ауырса оны сойып отырған. Кәрі малдың еті қатты келгенімен амалсыздан сойған [6, с. 359].


Түйенің мінез-құлқы, табиғаты туралы А.И. Шахназаров мынадай мәлімет келтіреді: «жалпы түйе адамдарға икемді, жуас жануар. Ақылымен және есте сақтау қабілетімен ерекшеленбегендіктен, ауылдар мен қыстақтарды есте сақтай алмайды. Қатты боран соққанда, түйелер қорғаныш іздейді. Егер түйені жалғыз жіберсек, ол ауылға жете алмайды, керісінше олар желге қарсы жүріп отырады. Түйе өзінің шөлге және тамаққа шыдамдылығымен ерекшеленетін жануар. Шөптер қурап, қатал суық күндерде сусыз ен далада барлық қиындықтарға төзіп отырады. Жалпы алсақ, түйелер – көнбіс, төзімді және жайлы жануар. Оларға дөрекілік танытпасаң, түйе мінезінде қырсықтық пен ашушандық кездеспейді» [6, с. 359].

Күнделікті тұрмыста қазақтар үшін түйе өгіз бен жылқының орнына қолданылған. Жылдамдығы жағынан жылқыға жетпегенімен, түйенің шөлге шыдамдылығына өзге түлік түрлері теңесе алмайтындығы даусыз. Көшпелі халықтың жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп-қонуына түйе құмды жерлерде шыдамдылық танытып, халыққа таптырмас көлік қызметін атқарған. Көктем мезгіліндегі жауынды күндерден кейінгі батпақта жылқы мен өгіз дәрменсіз күйде қалғанда, түйе ғана жуан табанымен, ұзын аяқтарымен қазақтардың бір жерден екінші жерге қоныс аударуына мүмкіндік беретін [7, с. 215].

Қазақтардың көш-қон қозғалысы негізінен түйе арқылы жүзеге асырылды. Олар түйемен үйге қажетті ұсақ-түйек бұйымдарды тасып, мінсе көлік қылып үй шаруашылығына пайдаланатын. Қазақтардың шаруашылық жұмыстары мен керуен кәсіптерінің барлық қозғалыстары алты айдың көлемінде, яғни сәуір айынан басталып, қазан айына дейін жалғасқан. Қазақтар жүкшілік кезінде және қыз мезгілінде тек түйені пайдаланған. Осы алты айға тағы екі айды қоссақ, түйе қызметін пайдаланудың есепке алынатын белгілі бір жұмыс кезеңінің аралығы қамтылады.

Жүк тасымалында түйеге теңдерді екі түрлі жолмен орналастырған. Теңнің жоғарғы бөлігін жіппен орап, жатқан түйенің арқасына аударып отырған. Бір теңді бір жақ бетіне,

екінші теңді екінші жақ бөлігіне тиеген. Теңдерді байлайтын жіптер екі өркешті түйелердің өркештерінің арасына байланса, бір өркештілердің өркештеріне байланады. Үлкен жәшіктер мен үлкен қатты заттарды, ауыр жүкті тасымалдауда жүк кішкене ағаш баспалдақтарға (аруана) байланған. Баспалдақтардың төменгі бөлігіндегі бұтақтарының бойлығында жүк сүйенетін ағаштан жасалған көлденең тұрған қылқандар болады, ал жоғарғы бөлігінде баспалдақтар өзара баумен байланып, түйенің екі жақ бетіне де байланады [6, с. 358].



1 Сурет. Қазақ даласындағы түйе санының жан басына шаққандағы үлесі. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей / Под редакцией В.П. Семенова. Т. 18. «Киргизский край» (СПб.: Издание А.Ф. Девриена, 1903) атты еңбектен.

Төзімділігі мен күшінің көптігі жағынан бір өркешті түйелер алда тұрады, әдетте олар арқаларына 16-18, тіпті 20 пұтты құрайтын жүкті көтере береді, тәулігіне жаздың аптапты ыстық күндерінде 60 шақырымға дейін, қыста және жауынды күндерде 35 шақырымға дейін жүре алады. Әдетте олар 50 пұтты көтерсе, жақсы жегілген нар 60 пұтқа дейін көтере алады. Міністе жүрген түйе тәулігіне шамамен 70 шақырым жүрсе, ал мықтылары 100 шақырым жолды артта қалдырып отырады. Осындай шақырымды олар 4 тәулікке дейін қайталап отыра алады. Екі өркешті түйелер нардан кем түспейді. Әдетте жүкті түйе 4-тен 5 шақырымға дейін жүріп отырса, міністегі түйелер 8-ден 10 шақырымды тастап отырған [6, с. 359].

XIX ғасырда қазақтардың арасында Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент уездерінде шаруа иелеріне түйе шаруашылығынан көп түсім беретін кіре тарту кәсібі жақсы дамыды. Бұл шаруашылықпен бұрынырақ Орынбор мен Сібір жолымен Бұхар мен Хиуаға тауар таситын Кіші Орданың кірешілері айналысқан; орыстардың әкелім саудасы мен әкетілім саудасының жақсы дамуына байланысты бұл кәсіпке Кіші және Орталық Орданың өзге толқындары келіп қосылып, сондай-ақ отырықшы халықтың тарапынан бәсекелестік жойылып, барлық тасымал жолдары қазақ даласы арқылы өткен. Соңғы жағдайлар облыстың біршама сауда бекеттерінің арасында жарамды жолдарының болмауымен түсіндіріледі. Жергілікті қос дөңгелекті арба жолға ыңғайлы болғанымен де, жолдың кендігін қажетсінеді, ал түйе қамысты, кедір-бұдырлы, сондай-ақ жыралар мен қыстың батпақты жерлерімен де еркін өтіп отырады. Арбакеш өзінің арбасымен және жылқысымен далалы және шөлді аймақтар тұрмақ, жергілікті бекеттерге де жеткізуі қиын. Осы тұрғыда түйе таптырмас көлік

болып табылады. Түйелерге жай ғана төндерді ғана тиемей, сонымен қатар ауыр жүктерді де артатын [1, с. 158-159].

Түйе жылқы, бұқа мен есекке қарағанда ауыр жүкті ұзақ көтере алатын төзімділігімен қатар, құрғақ және шөлейтті жерлерді өтерде де өзінің ерекше қасиетімен дараланып тұрады. Осыған байланысты қазақ халқы түйені шөл кемесіне теңеген. Сондықтан да бүгінгі таңда түйелердің сол аймақтарды мекендеуі өмір сүру жағдайы әлі де уездер тұрмақ, бір губерниядан екіншісіне көшіп отыруды қажет етіп отыратын мекендер арқылы түсіндіріледі. Осындай сипатқа Сырдария облысы қазақтарының, атап айтар болсақ Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент уездері ие болып отырған. Басқа облыстардан, әсіресе темір жолдар салынғаннан кейін түйе шаруашылығы азая бастады.

Түйенің жүніне қарағанда қойдың жүнінің сапасы жоғары. Десе де түйенің жүнінің құны жоғары жүреді. Сонымен қатар, қазақтар түйенің жүнінен таптырмас дүниелер жасайтын. Оларды түйенің жүнінен өзге жүн орнын алмастыра алмас. Түйенің жүнінен су өтпейтін, сапасы жоғары маталар әзірленіп, одан шапан, киіз үйге арналған тоқыма баулар, қысқы жамылғылар мен шекпендер тігілетін.

Капитан О.А. Михайлов «Туземцы Закаспийской области и их жизнь этнографический очерк» атты еңбегінде қазақтың екі өркешті атан түйесі түрікмен түйесіне қарағанда бойы шағындау, жұмысқа әлсіздеу және шудасы аз келетіндігін айтады. Қазақ түйесі шамамен 10–12 пұт, ал 16 пұтқа дейін жүк көтеретіндері сирек кездеседі [8, с. 21]. Ал, Г.Спасский қазақтардың түйеге қысқа қашықтыққа 30 пұтқа дейін, ұзақ қашықтыққа 10-нан 18 пұтқа дейінгі салмақта жүк артатындығын келтіреді [9, с. 182].

Зерттеуші О.А. Михайлов жан басына шаққанда шамамен 1 түйе, бір жылқы және 13 қой-ешкіден келетіндігін айта отырып, Маңғыстау уезіндегі қазақтарды тұрмыс деңгейіне қарай 4 топқа бөледі: 1) байлар – 100 жылқы, 20 түйе және 500 қой; 2) бақуаттылары 10-нан 100-ге дейін жылқы, 10-нан 20-ға дейін түйе және 100-ден 300-ге дейін қой; 3) ортаңқол 5-тен 10-ға дейін жылқы, 10-ға дейін түйе және 100-ге тарта қой; 4) басқаларға жалданушы түгі жоқ кедейлер [8, с. 21]. Маңғыстау уезінде 1900 жылғы есеп бойынша 553 мың қой-ешкі, 44 мың түйе, 33 мың жылқы және 460 бас ірі қараны құраған.

Қазақ даласында Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде тұрмыстық сұраныс пен ортаның ерекшеліктеріне қарай мал шаруашылығының 60 %-ын қой, 12 %-ын ешкі, 13 %-дан астамын жылқы, 12 %-ын ірі қара құраса, ал түйе бар-жоғы 3 %-дан астамын құрады. Қазақтың шаруашылық жүйесінде мал басының негізін 18–18,5 млн. қой, 4 млн. жылқы, 3,5–4 млн. ірі қара, 3–3,5 млн. ешкі және 1 млн. түйе құраған [10, с. 85].

Статистикалық деректерге қарасақ, Ақмола облысының (мал басы – 2189432) барлық мал басының 55 %-ын қой мен ешкі, 26,4 %-ын жылқы, 9,7 %-ын ірі қара, 4,2 %-ын түйе, Семипалатинск облысында (мал басы 2663231) 73,3 %-ын қой мен ешкі, 16,6 %-ын жылқы, 7,5 %-ын ірі қара, 2,2 %-ын түйе, Торғай облысында (мал басы – 2474085) 60,6 %-ын қой мен ешкі, 22,6 %-ын жылқы, 11,8 %-ын ірі қара, 5,9 %-ын түйе, Бөкей Ордасында (мал басы – 1871240) 67 %-ын қой мен ешкі, 18 %-ын ірі қара, 10 %-ын жылқы, 5 %-ын түйе құраған [11, с. 23-24].

XX ғасырдың бірінші ширегінде темір жолдардың салына бастауы түйе шаруашылығына кері ықпалын тигізгенімен, жүк тасымалында түйеге деген сұраныс осы ғасырдың 50-60 жылдарына дейін сақталды. Бұған мысал ретінде, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары біздің әулет Арал маңынан (Қарақалпақстаннан) түйемен тұз тасығандығын айтуға болады. Сол жылдары соғыс жасына жеткен атам тұз тасуға деп «броньмен» қалдырылған екен. Бұл шағын естеліктің өзі соғыс жылдарында тыл еңбегінде түйенің орны орасан зор болғандығын көрсетеді.

Қорытындылай келе байырғы заманнан негіз алған көшпелі тұрмыс салты қазақтардың өздеріне ғана тән дүниетанымы мен мәдениетін қалыптастырды. Көшпелі елдің ұрпағы болғандықтан халқымыз әрқашан да өздерінің малдарына шұрайлы жер іздеген. Сонымен қатар ауа райының ылғалды болуына да аса көп мән берген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Смирнов Е. Сырь-Дарьинская область. Описание, составленное по официальным источникам. – СПб.: Типография М.М. Стасюлевича, 1887. – 356 с.
2. Себепов Ф. Түйе және оның әбзелі туралы қазақша атаулар // ҚазССР ҒА Хабаршысы. Тіл және әдебиет сериясы. – 1944. – №1. – 145-155 б.
3. Естественная история Оренбургского края. Сочинения Эдуарда Эверсмана. Часть первая. – Оренбург, 1840.
4. Кумеков Б.Е. Государство Кимаков IX-XI по арабским источникам. – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1972. – 159 с.
5. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Отчет о работах Почвенно-ботанического отряда Казахстанской экспедиции Академии наук СССР, исследование 1926 г. Вып.13. Серия Казахстанская. Под ред. И.В. Ларина. Пер. загл. авт. М.М. Ищенко, И.С. Казбеков. – Л.: АН СССР, 1928. – 216 с.+илл.
6. Шахназаров А.И. Сельское хозяйство Туркестанского края. – СПб., 1908. – 512 с.
7. Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895. – 360 с.
8. Туземцы Закаспийской области и их жизнь этнографический очерк. Составил О.А. Михайлов под редакцией начальника Закаспийской области генераль-лейтенанта А.А. Боголюбова. – Асхабад, 1900.
9. Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды // Сибирский вестник. Ч.Х. – СПб., 1820.
10. Масанов Н.Э. Казахи: народ и культура // История Казахстана: народы и культуры: Учеб. Пособие / Масанов Н.Э. и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 84-112.
11. Внутренняя киргизская орда (краткий статистический очерк). – Астрахань: Типография губернского правления, 1891.

ӘОЖ 902/904

ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРЫ.

Нұрғожин Ерболат Құтбекұлы

erbolat_nk@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Жанисов

Бұрынғы кезден қазіргі уақытқа дейін жалпы Торғай өңірінің тарихи-географиялық атауларының шығу тәркінің білу қызықты тақырыптардың бірі деп айтсақ болады. Торғай өңірінің аумағы қандай үлкен екені бәрімізге мәлім. Ертеде өткен ата-бабаларымыз елді-мекен, жердің мән сырын ашатындай, солардың әрқайсысына шебер ат қоя білген. Осы мақалада негізгілеріне қысқаша тоқталып отырмыз.

Біз бұл аймақтың топонимикасының қалыптасуының келесі кезеңдерін көрсете аламыз:

1. Ежелгі кезең (ежелгі дәуірден б.з. д. III ғасырға дейін). Осы кезеңде топонимияның ең ежелгі платасы, яғни үнді-иран және угро-фин халықтарының осы жерде өмір сүрумен байланысты.

2. Түркі-моңғол кезеңі (б.з. д. III ғ. – XV ғғ.). Бұл кезеңге жалпы түркі шығу тегімен байланысты топонимдер, негізінен гидронимдер мен оронимдер, қазіргі потестарлық (рулық-тайпалық) қазақ этносының құрылымын жатқыза аламыз.

3. Сібір-қалмық кезеңі (XV ғ. - XVII ғ.). Осы кезең, Сібір хандығының өмір сүруімен және Солтүстік Қазақстан даласындағы қылмықтармен байланысты. Сонымен қатар, аймақ картасында көптеген моңғол шығу тегіне байланысты топонимдер пайда болды.